

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің «Механика және мұнайгаз ісі» факультетінің «Механика және машинажасау» кафедрасында Рухани жаңғыру жобасының аясында «Рухани жаңғыру- Мәңгілік ел болуымыздың кепілі» атты іс шара өткізілді. Аталған іс шарада «Механика және машинажасау» кафедрасының меңгерушісі Мырзалиев Дархан Сапарбаевич тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың негізгі алты бағытына жеке-жеке тоқталып, сол бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар

– ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс.

Болашаққа бағдар ретінде М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің әрбір профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми қызметшілері және осы оқу орнында білім алып жатқан жастарымыз өздерінің алға қойған өмірлік мақсаттарына енгізе отырып, еліміздің рухани тұрғыдан дамып, интеллектуалдық дәрежесінің жоғарылауына үлесін қосады деген сенімдемін. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет.

Студенттер Мәңгілік ел болуымыздағы рухани жаңғырудың маңыздылығын ұғынып, білім арқылы ғана әлем мойындайтын табысты ел болатынымызға үлкен сеніммен жігерленді.

М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің  
«Механика және машинажасау»  
кафедрасының меңгерушісі  
Мырзалиев Дархан  
Сапарбаевич,

оқытушысы Сейдуллаева  
Орынкул Бахытқызы